

Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2004 жылғы 29 мамырдағы № 149-е бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2911. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 02 сәуірдегі № 81-е бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010.04.02 № 81-е бұйрығымен.

"Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес бұйырамын: Қараныз K070000212

1. Қоса беріліп отырған Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізудің мемлекеттік тіркеу ережелері бекітілсін.

2. Сараптама және лицензиялау департаменті (И.Ж. Әлиев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамамен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Ж.Л.Бекжановқа жүктелсін.

Министр

"Аумағында сарапталатын қызмет
көзделіп отырған жергілікті
атқарушы органдардың жүзеге
асыратын қоғамдық экологиялық
сараптаманы жүргізудің мемлекеттік
тіркеу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2004 жылғы 29 мамырдағы
№ 149-е бұйрығымен бекітілген

Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуудің мемлекеттік тіркеу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Аумағында сарапталатын қызмет көзделіп отырған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуудің мемлекеттік тіркеу ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасы заңына сәйкес әзірленген. Қараныз K070000212

2. Осы Ережелер Аумағында шаруашылық қызметті жоспарланып отырған облыс әкімдері өкілеттік берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың жүзеге асыратын қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуі ұйымдастырудың және мемлекеттік тіркеудің тәртібін белгілейді.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама - тұрғындардың жекелеген топтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ғылыми ұйымдардың бастамасымен қызметтің кез келген тұрларін экологиялық бағалау үшін құратын сараптау комиссияларының ерікті бастамасымен жүзеге асыратын қызметінің түрі.

Қоғамдық экологиялық сараптама жекелеген қоғамдық топтармен және тұрғындармен өзара ықпалдасуды күшейту, сараптаманың жоспарланатын объектілері бойынша барынша объективті ақпарат алу мақсатында жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың экологиялық сараптама саласындағы жұмыстарды жүзеге асыруға лицензиялары болуы тиіс.

4. Қоғамдық экологиялық сараптама мемлекеттік экологиялық сараптаманың сол объектілері бойынша жүргізуіне қарамастан жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысының ақпараттық және кепілдемелік сипаты бар.

6. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру қоғамдық экологиялық бірлестіктердің және/немесе қорлардың өзіндік қаражаты есебінен немесе қоғамдық бастамамен жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуудің мемлекеттік тіркеудің тәртібі

7. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу туралы өтінім түскен кезде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган 10 күн ішінде мемлекеттік тіркеу журналында осы өтінішті мемлекеттік тіркеуді жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органға оның тіркелгені тұралы

х а б а р л а й д ы .

Өтінімде қоғамдық экологиялық сараптамалық комиссия құрамы, экологиялық сараптамасы, оны жүргізудің мерзімдері белгіленген объектінің атауы туралы мәліметтер болуы тиіс.

8. Қоғамдық экологиялық сараптаманы мемлекеттік тіркеу журналын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган жүргізеді және осы Ережелерге қосымшаға сәйкес онда экологиялық сараптама объектісінің атауы, қоғамдық сараптамалық комиссияның атауы, қоғамдық экологиялық-сараптамалық комиссияның құрамы (қоғамдық сарапшылардың біліктілік құрамы), сондай-ақ бұрын орындалған сараптамалық жұмыстар туралы (қосымша) мәліметтер болуы тиіс.

9. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган өтінімді қарастыруға қараша соң Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен өтінім берушіге тіркеу нөмірімен және күнімен мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны береді.

Қазақстан Республикасы Қоршаған
ортаны қорғау министрінің
2004 жылғы 29 мамырдағы N 149-ғ
бұйрығымен бекітілген Аумағында
шаруашылық қызметті көзделіп
отырған жергілікті атқарушы
органдардың жүзеге асыратын
қоғамдық экологиялық сараптаманы
мемлекеттік тіркеуді жүргізудің
ережелеріне қосымша

Қоғамдық экологиялық сараптаманы
жүргізуді тіркеу журналының нысаны

NN |Мемлекеттік|Болжалданатын қоғам.|Қоғамдық сараптама. |Мемле.
р/р|тіркеуге |дық экологиялық са. |лық комиссияның |кеттік
|өтінімді |раптаманың объектісі|атауы, экологиялық |тіркеудің
|ұсыну күні |(атауы, тұрған жері)|сарапшылардың білік.|N мен
| | |туралы мәліметтер |тілік құрамы, бұрын |күні
| | | | | | |орындалған сарапта. |
| | | | | | |малық жұмыстар |

1 2

3

4

5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК